

## **Азия автомобиль жолдары желісі жөніндегі үкіметаралық келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1198 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2003 жылғы 18 қарашада Бангкок қаласында жасалған Азия автомобиль жолдары желісі жөніндегі үкіметаралық келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

## **АЗИЯ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖЕЛІСІ ЖӨНІНДЕГІ ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ**

*(2008 жылғы 30 қаңтарда күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)*

### **УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР**

Азиядағы және Азия мен көршілес өңірлер арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдарын ынталандыру және дамыту қажеттілігін ТҮСІНЕ ОТЫРЫП,

Азия автомобиль жолдары желісін қалыптастыру және пайдалануға енгізу ісінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясына мүше елдердің арасындағы ынтымақтастықты НАЗАРҒА А Л А О Т Ы Р Ы П ,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясының мүшелері арасындағы байланысты нығайту және халықаралық сауда мен туризмді дамыту үшін тиімді халықаралық интермодальды тасымалдарды тәжірибеге енгізуді ескере отырып, Азия автомобиль жолдарының желісін халықаралық тасымалдар мен қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптарға сәйкес дамыту қажет екендігін ҰЙҒАРА ОТЫРЫП,

Азиядағы және Азия мен көршілес өңірлердің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдарын жоспарлау, дамыту және жетілдіру бойынша бірлесіп күш жұмсауды Ж А Л Ғ А С Т Ы Р А О Т Ы Р Ы П ,

төмендегілер туралы УАҒДАЛАСТЫ:

### **1-бап**

#### **Азия автомобиль жолдары желісін бекіту**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Уағдаласушы Тараптар өздерінің мемлекетішілік бағдарламаларының шеңберінде орындауға ниеттеніп отырған, сипаттамасы осы

Келісімге I-қосымшада халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарының бағыттарын дамытудың үйлестірілген жоспары ретінде келтірілген төмендегі "Азия автомобиль жолдары желісі" деп аталатын, ұсынылып отырған автомобиль жолдарының желісін бекітеді.

## **2-бап**

### **Азия автомобиль жолдары желісін белгілеу**

I-қосымшада сипатталған Азия автомобиль жолдары желісі өзінің басым бөлігінде бірден артық қосалқы өңірді кесіп өтетін жолдарды қоса алғанда, Азияға өтетін халықаралық маңызы бар бағыттарды; қосалқы өңірлер бойынша өтетін бағыттар, соның ішінде оларды көршілес қосалқы өңірлермен қосатын және Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясына мүше мемлекеттер бойынша өтетін тас жолдардың бағыттарын қамтиды.

## **3-бап**

### **Азия автомобиль жолдары желісін дамыту**

Азия автомобиль жолдары желісінің бағыттары осы Келісімге II-қосымшада келтірілген жіктеуге және жобалау нормаларына сәйкес келтіріледі.

## **4-бап**

### **Азия автомобиль жолдары желісінің бағыттарын белгілеу**

1. Азия автомобиль жолдары желісінің бағыттары сипаттамасы осы Келісімге III-қосымшада келтірілген жол белгісімен белгіленеді.

2. Осы Келісімге III-қосымшада сипатталған белгіге сәйкес келетін жол белгілері 6-баптың ережелеріне сәйкес тиісті мемлекетке қатысты осы Келісім күшіне енген күннен бастап, Азия автомобиль жолдары желісінің барлық бағыттарында бес (5) жыл ішінде орнатылады.

## **5-бап**

### **Осы Келісімге қол қою және оған қатысушының мәртебесін алу рәсімі**

1. Осы Келісім Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясына мүше болып табылатын мемлекеттер қол қою үшін Шанхайда, Қытайда 2004 жылғы 26 сәуірден бастап 28 сәуірді қоса алғанға дейін, сонан соң Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде Нью-Йоркте 2004 жылғы 1 мамырдан бастап 2005 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін ашық.

2. Бұл мемлекеттер :

а) соңғы қол қою ;

б) олардан кейін бекіту, қабылдау немесе бекіту жүргізілетін бекіту, қабылдау немесе бекіту шартымен қол қою; немесе

с) қосылу арқылы осы Келісімге Қатысушы бола алады.

3. Бекіту, қабылдау, бекіту немесе қосылу тиісті нысанда жасалған құжатты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

## **6-бап**

### **Осы Келісімнің күшіне енуі**

1. Осы Келісім кем дегенде сегіз (8) мемлекеттің үкіметі 5-баптың 2-тармағына сәйкес Келісіммен байланысты болуға келіскен күннен бастап тоқсаныншы күні күшіне енеді .

2. Келісімнің күшіне ену шарттары қанағаттандырыла бастаған күннен кейін соңғы қол қойған немесе бекіту, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырған мемлекеттің әрқайсысына қатысты Келісім, ол соңғы қол қойған немесе ол осы құжатты сақтауға тапсырған күннен бастап тоқсан (90) күн өткеннен кейін осы мемлекет үшін күшіне енеді.

## **7-бап**

### **Азия автомобиль жолдары жөніндегі жұмыс тобы**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясы Келісімді жүзеге асыру барысын қарау үшін және кез-келген ұсынылған түзетулерді қарау үшін Азия автомобиль жолдары жөніндегі Жұмыс тобын құрады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясына барлық мүше - мемлекеттер Жұмыс тобының мүшелері болып табылады .

2. Жұмыс тобы өзінің кеңестерін екі жылда бір рет өткізеді. Сондай-ақ кез-келген Тарап хатшылыққа хабарлама жолдау арқылы Жұмыс тобының арнайы кемінде үштен бірі хатшылық хабарлаған күннен бастап төрт (4) айлық кезең ішінде өтінішпен өздерінің келісетіндігі туралы хабарласа, Жұмыс тобының арнайы кеңесін шақырады.

## **8-бап**

### **Осы Келісімнің негізгі мәтініне түзетулер енгізу рәсімі**

1. Осы Келісімнің негізгі мәтініне осы бапта көрсетілген рәсімдерге сәйкес түзетулер енгізілуі мүмкін .

2. Осы Келісімге түзетулерді кез-келген Тарап енгізе алады.

3. Хатшылық кез-келген ұсынылып отырған түзетудің мәтінін Азия автомобиль жолдары жөніндегі Жұмыс тобының барлық мүшелерінің арасында Жұмыс тобының оны қабылдау ұсынылып отырған кеңесіне дейін кемінде қырық бес (45) күн бұрын т а р а т а д ы .

4. Азия автомобиль жолдары жөніндегі Жұмыс тобы түзетуді қатысқан және дауыс беруге қатысқан Тараптардың үштен екі көпшілігімен бекітеді. Хатшылық бекітілген түзетуді қабылдау үшін оны барлық Тараптар арасында тарататын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жолдайды.

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес қабылданған түзету оны Тараптардың үштен екісі қабылдағаннан кейін он екі (12) айдан соң күшіне енеді. Түзету күшіне енердің алдында бұл түзетуді қабылдамайтындығы туралы хабарлағандарды қоспағанда, барлық Тараптарға қатысты күшіне енеді. Осы бапқа сәйкес қабылданған түзетуді қабылдамайтындығы туралы хабарлаған кез-келген Тарап бұдан кейін кез-келген уақытта мұндай түзетуді қабылдайтыны туралы құжатты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсыра алады. Түзету бұл мемлекетке қатысты көрсетілген құжатты сақтауға берген күннен кейін он екі (12) айдан соң күшіне енеді.

## **9-бап**

### **Осы Келісімге I-қосымшаға түзетулер енгізу рәсімі**

1. Осы Келісімге I-қосымшаға түзетулер осы бапта көзделген рәсімге сәйкес е н г і з і л у і м ү м к і н .

2. Халықаралық шекаралық өткелдерді өзгертпейтін ішкі трассаға қатысты түзетулерді қоспағанда, кез-келген Тарап түзетулерді тікелей мүдделі көршілес мемлекеттермен кеңескеннен және консенсус қамтамасыз етілгеннен кейін ұсына а л а д ы .

3. Кез-келген ұсынылған түзетудің мәтінін хатшылық Жұмыс тобының барлық мүшелерінің арасында оны қабылдау ұсынылған Жұмыс тобының кеңесінен кем дегенде қырық бес (45) күн бұрын таратады.

4. Түзетулерді Азия автомобиль жолдары жөніндегі Жұмыс тобы қатысқан және дауыс беруге қатысқан Тараптардың көпшілігімен бекітеді. Бекітілген түзетуді хатшылық барлық Тараптардың арасында оны тарататын Біріккен Ұлттар Ұйымының Б а с х а т ш ы с ы н а ж о л д а й д ы .

5. Осы баптың 4-тармағының ережелеріне сәйкес бекітілген түзетулер, егер хабарланған күннен кейін алты (6) ай ішінде мүдделі Тараптардың бір де біреуі бұл түзетуге қарсылығы туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарламаса, қ а б ы л д а н ғ а н б о л ы п с а н а л а д ы .

6. Осы баптың 5-тармағына сәйкес қабылданған түзету осы баптың 5-тармағында

көрсетілген алты (6) ай өткеннен кейінгі күннен бастап үш (3) айдан соң барлық Тараптар үшін күшіне енеді.

7. Тікелей мүдделі Тараптар болып мыналар есептеледі:

а) Азия автомобиль жолдарына жаңа бағыт енгізілген немесе көп бөлігінде бір қосалқы өңірден артық аумақ арқылы өтетін қолданыстағы бағыт өзгерген жағдайда, осы бағыт аумағы арқылы өтетін Тарап; және

б) қосалқы өңірлер ішіндегі Азия автомобиль жолдарына жаңа бағыт енгізілген немесе қолданыстағы, соның ішінде көршілес қосалқы өңірлерді қосатын бағыттар және мүше-мемлекеттер арқылы өтетін бағыттар өзгерген жағдайда, аумағы арқылы осы бағыт немесе көп бөлігінде бір қосалқы өңірден артық аумақты қиып өтетін Азия автомобиль жолдарының бағыты өтетін, онымен осы жаңа немесе өзгеруге жататын бағыт қосылатын, тапсырыс берген мемлекетпен шекаралас кез келген Тарап. Осы тармақтың мақсаты үшін оның аумағында теңіз қатынасының соңғы пункттері орналасқан, көп бөлігінде бірден артық қосалқы өңірді қиып өтетін Азия автомобиль жолдары бағытында немесе жоғарыда көрсетілген бағыттарда орналасқан екі Тарап шектесетін болып есептеледі.

8. Осы баптың 5-тармағы бойынша келіспеушіліктерді қарау үшін хатшылық Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына түзету мәтінімен бірге түзетуге тікелей мүдделі Тараптардың тізбесін де береді.

## **10-бап**

### **Осы Келісімге II және III-қосымшаларға түзетулер енгізу рәсімі**

1. Осы Келісімге II және III-қосымшаларға түзетулер осы бапта көзделген рәсімдерге сәйкес енгізілуі мүмкін.

2. Түзетулерді кез-келген Тарап ұсынуы мүмкін.

3. Ұсынылатын кез-келген түзетудің мәтінін хатшылық Жұмыс тобының барлық мүшелерінің арасында, оны қабылдау ұсынылған Жұмыс тобының мәслихатынан кем дегенде қырық бес (45) күн бұрын таратады.

4. Азия автомобиль жолдары жөніндегі Жұмыс тобы түзетулерді қатысқан және дауыс беруге қатысқан Тараптардың көпшілігімен бекітеді. Хатшылық қабылданған түзетуді барлық Тараптардың арасында тарататын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас х а т ш ы с ы н а ж о л д а й д ы .

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес қабылданған түзету, егер хабарлама жіберілген күннен кейін алты (6) ай ішінде Тараптардың үштен бірінен кемі өзінің түзетуге қарсылығы туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарласа, қабылданған болып саналады.

6. Осы баптың 5-тармағына сәйкес қабылданған түзету осы баптың 5-тармағында

көрсетілген алты (6) ай өткеннен кейінгі күннен бастап үш (3) айдан соң барлық Тараптар үшін күшіне енеді.

## **11-бап**

### **Ескертпелер**

14-баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімнің кез-келген ережелеріне қатысты ескертпелерге жол берілмейді.

## **12-бап**

### **Келісімнен шығу**

Кез-келген Тарап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жазбаша хабарлама жолдау арқылы осы Келісімнен шыға алады. Шығу Бас хатшы бұл хабарламаны алған күннен бастап бір (1) жыл өткеннен кейін күшіне енеді.

## **13-бап**

### **Осы Келісімнің күшін тоқтату**

Егер Тараптардың саны қандай да бір үздіксіз он екі айлық кезең ішінде сегізге (8) жетпесе, осы Келісім күшін жояды.

## **14-бап**

### **Дауларды реттеу**

1. Екі немесе одан көп Тараптардың арасындағы осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты, дауласқан Тараптар келіссөз немесе консультациялар арқылы шеше алмаған кез-келген дау, арасында дау пайда болған Тараптардың кез-келгенінің өтініші бойынша бітістіруге жатады және дауласқан Тараптар таңдаған тиісінше бір немесе бірнеше делдалдарға беріледі. Егер бітістіру туралы өтініш берілген күннен бастап үш (3) ай ішінде дауласқан Тараптар делдал немесе делдалдар таңдауға қатысты келісімге келмесе, бұл Тараптардың кез-келгені дауды шешу соған берілетін бір делдал тағайындау туралы өтінішпен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына шағынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес тағайындалған делдал немесе делдалдардың ұсынымының міндетті күші болмайды, алайда тиісті дауласқан Уағдаласушы Тараптар қайта қарау үшін негіз болады.

3. Арасында дау пайда болған Тараптар өзара келісім бойынша делдал немесе делдалдардың ұсынымын міндетті күші бар ретінде қабылдауға алдын-ала келісуі мүмкін.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтары дауласқан Тараптар өзара келіскен дауды реттеудің басқа шараларын жоққа шығаратын ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

5. Кез-келген мемлекет соңғы қол қою немесе бекітілген грамоталарды, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсыру кезінде осы баптың бітісуге қатысты ережелерімен өзін байланысты деп санамайтындығы туралы ресми қосымша түсінік беруі мүмкін. Басқа Тараптар осындай қосымша түсінікті сақтауға берген кез-келген Тарапқа қатысты осы баптың бітісу жөніндегі ережелерімен байланысты болуларын тоқтатады.

## **15-бап**

### **Осы Келісімді қолданудағы шектеулер**

1. Осы Келісімнің ешқандай ережесі Тараптардың қайсысына болмасын Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен үйлесімді және ол өзінің ішкі немесе сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті деп санайтын қалыптасқан жағдаймен шектелетін шаралар қабылдауға кедергі келтіретін ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

2. Тарап оның бюджеттік немесе қаржыландырудың басқа нысандары болған жағдайда және өзінің заңдары мен нормативтік кесімдеріне сәйкес осы Келісімге сай Азия автомобиль жолдары желісінің дамуы үшін барлық мүмкін күштерін салады.

3. Осы Келісімнің ешқандай ережесі Тараптардың қайсысының болмасын тауарлар мен жолаушыларды оның аумағы арқылы өткізуге рұқсат беруге міндеттеме қабылдауы ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

## **16-бап**

### **Тараптарға хабарлама**

Осы Келісімнің 7, 8, 9, 10-баптарында көзделген хабарлама және 14-бабында қалыптастырылған ескертпеден өзге Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы 5-бапта көрсетілген Тараптарға және басқа мемлекеттерге мыналар туралы хабарлайды:

- a) 5-бапқа сәйкес соңғы қол қою, бекіту, қабылдау, бекіту және қосылу туралы;
- b) 6-бапқа сәйкес осы Келісімнің күшіне ену күні туралы;
- c) 8-баптың 5-тармағына, 9-баптың 6-тармағына және 10-баптың 6-тармағына сәйкес осы Келісімге түзетулердің күшіне ену күні туралы;
- d) 12-бапқа сәйкес шығу туралы;
- e) 13-бапқа сәйкес осы Келісімнің қолданылуының тоқтатылуы туралы.

## **17-бап**

### **Келісімге қосымшалар**

I, II және III-қосымшалар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 18-бап

### Келісімнің хатшылығы

Осы Келісім хатшылығының ролін Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхит экономикалық және әлеуметтік комиссиясы атқарады.

## 19-бап

### Осы Келісімді Бас хатшыға сақтауға тапсыру

Осы Келісімнің түпнұсқасы осы Келісімнің 5-бабында көрсетілген барлық мемлекеттерге тиісті түрде куәландырылған көшірмелерін жолдайтын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

Оған тиісті түрде уәкілеттендірілген, төменде қол қойғандар осыны куәландыру үшін осы Келісімге қол қойды.

2004 жылғы 26 сәуірден бастап ағылшын, қытай және орыс тілдерінде бір данадан қол қою үшін Шанхайда, Қытай, ашылды және де үш мәтіннің барлығы да бірдей болып табылады және олардың бірдей күші бар.

### 1-қосымша

## АЗИЯ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖЕЛІСІ

1. Азия автомобиль жолдарының желісі Шығыс және Солтүстік Шығыс Азия, Оңтүстік және Оңтүстік Батыс Азия, Оңтүстік Шығыс Азия және Солтүстік пен Орталық Азия сияқты осындай қосалқы өңірлердің бірінен артығын басым бөлігінде қиып өтетін бағыттарды; қосалқы өңірлер ішіндегі бағыттарды, соның ішінде оларды көрші қосалқы өңірлермен жалғастыратын бағыттар және мүше мемлекеттер ішінен өтетін бағыттарды қоса алғандағы және а) астаналарға; б) бас өнеркәсіптік және ауылшаруашылық орталықтарына; с) негізгі әуе, теңіз және өзен кемепорттарына; d) негізгі контейнерлі терминалдарға және депоға; және е) негізгі туристік ресурстарға кіруді қамтамасыз ететін Азиядағы халықаралық маңызы бар бағыттарды қамтиды.

2. Бағыт нөмірлері "Asian Highway" деген мағынаны білдіретін, (Азия автомобиль жолдары) "АН" әріптерінен басталады, олардан кейін бір, екі немесе үш сандар қ о й ы л а д ы .

3. 1-ден 9-ға дейінгі бір таңбалы нөмірлермен басым бөлігінде бірден артық қосалқы өңірді қиып өтетін Азия автомобиль жолдарының бағыттары белгіленеді.

4. Екі таңбалы және үш таңбалы нөмірлер қосалқы өңірлердің ішіндегі бағыттарды белгілеу үшін, соның ішінде оларды көрші қосалқы өңірлермен қосатын бағыттарға және мүше-мемлекеттер ішіндегі тас жол бағыттарын төменде көрсетілгендей етіп белгілеу үшін бөлініп беріледі:



а) 10-29 және 100-299 нөмірлермен Бруней-Даруссаламды, Вьетнамды, Камбоджаны, Индонезияны, Лаос Халық Демократиялық Республикасын, Малайзияны, Мьянманы, Сингапурды, Таиланд пен Филиппинды қоса алғанда, Оңтүстік Батыс Азия қосалқы өңіріндегі бағыттар белгіленеді;

б) 30-39 және 300-399 нөмірлермен Қытайды, Корей Халық Демократиялық Республикасын, Монғолияны, Корей Республикасын, Ресей Федерациясын (Қиыр Шығысты) <sup>1</sup> және Жапонияны қоса алғанда, Шығыс және Солтүстік Шығыс Азия қосалқы өңіріндегі бағыттар белгіленеді;

с) 40-59 және 400-599 нөмірлермен Бангладешті, Бутанды, Үндістанды, Непалды, Пәкістанды және Шри-Ланканы қоса алғанда, Оңтүстік және Оңтүстік Батыс Азия <sup>2</sup> қосалқы өңіріндегі бағыттар белгіленеді.

д) 60-89 және 600-899 нөмірлермен Ауғанстанды, Арменияны, Әзербайжанды, Грузияны, Иран Ислам Республикасын, Қазақстанды, Қырғызстанды, Ресей Федерациясын <sup>1</sup>, Тәжікстанды, Түркменстанды, Туркияны және Өзбекстанды қоса алғанда, Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Батыс Азиядағы бағыттар белгіленеді.

## **АЗИЯ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ Азия автомобиль жолдарының бірден артық қосалқы өңірді қиып өтетін бағыттары**

А Т Ж бағытының нөмірі	Бағыттар
АН1	Токио - Фукуока - паром - Пусан - Кьенгджу - Тэгу - Тэджон - Сеул - Мусан - Гэсон - Пхеньян - Синуйджу - Дадонг - <u>Шеньян - Пекин</u> - Шицзячжуан - Чженчжоу - Синьян-Ухань - Чаньша - Сянтань - <u>Гуанчжоу</u> - (-Шеньчжень) - Наньнин - Юигуань - Хунги - Донгданг - Ханой - Винь - Донгха - Хюэ - Дананг - Хойан - Нятранг - Бьенхоа - (Вунгтау) - Хошимин - Мокбай - Бавет - Пиомпень - Пойпет - Араньяпратет - Кабинбури - Хинконг - Бангпаин (-Бангкок) - Накхонсаван - Так - Мэсот - Мьявади - Паяджи (- Янгон) - Мейктила - Мандалай - Таму - Морех - Импхал - Кохима - Димапур - Нагаон - Джорабад (-Гувахати) - Шиллонг - Дауки - Тамабил - Силхет - Качпур - Дакка - Джессур - Бенапол - Бангаон - Колката - Бархи - Канпур - Агра - Дели - Аттари - Уага Лахор - Равалпинди (-Исламабад) - Хассан-Абдал - Пешавар - Торхам - Кабул - Кандагар - Диларам - Герат - Исламкаала - Докхарун - Месхе - Сабзевар - Дамган - Семнан - Тегеран - Казвин - Табриз - Эйвогли - Базарган - Гурбулак - Догубаязит - Аскале - Рефахие - Сивас - Анкара - Гереде - Стамбул - Капикуле - Болгария шекарасы
АН2	Денпасар - Сурабайя - Суракарта - Семаранг - Чикампек(-Бандунг) - Джакарт - (-Мерак) - паром - Сингапур - Синай-Утара - Серембан - Куала-Лумпур - Баттеруэрт - Букит Кайю Хитам - Садао - Хатъяй - Бангкок - Бангпаин - Накхонсаван Так - Чианграй - Месай - Тачилек - Кьяингтонг - Мейктила - Мандалай - Таму - Морех - Импхал - Кохима - Димапур - Нагаон - Джорабад(-Гувахати) - Шиллонг - Даоки - Тамабил - Силхет - Качпур - Дакка - Хатикамул - Банглабандха - Силигури - Какарбхитта - Патхлайя - Нараянгхат - Кохалпур - Махендранагар - Брамхадев Манди - Банбаса - Рампур - Дели - Аттари - Уага - Лахор - Мултан - Рори - Кетта - Тафтан - Мирджавех - Захедан - Керман - Анар - Язд - Салафчеган - Тегеран - Савех - Хамадан - Хосреви
АН3	Улан - Уде - Кяхта - Алтанбулаг - Дархан - Улан-Батор - Налайха - Чойр - Сайн-шанд - Замин-Уд-Э р а н х о т - П е к и н - Т а н г у

	Шанхай - Ханчжоу - Наньчан - Сянтань - Гуйян - Куньмин - Цзинхун (-Далу - Монгла - Кьяинтонг)- Мохан - Бетен - Натый - Хуайсай - Чиангхонг - Чианграй
АН4	Новосибирь - Барнауыл - Ташанта - Ұланбайшинт - Ховд - Ярантай Үрімші - Каши-Хонкираф - Хунджераб - Хассан-Абдал - Равалпинди (Исламабад) - Лахор - Мултан - Рори - Хайдарабад - Карачи
АН5	<u>Шанхай - Наньцзин - Синьян - Сиань - Ланьчжоу - Тулфань - Үрімші - Куитунь - Джинге - Хоргос - Алматы - Қаскелен - Қордай - Георгиевка - Бішкек - Қарабалта - Чалдовар - Мерке - Шымкент - Жібек-Жолы - Чернявка - Ташкент - Сырдария - Самарқанд - Навои - Бұхара - Алят - Фарап - Түркіменабат - Мары - Тэджен - Ашғабат - Сердар - Түркіменбашы - паром - Баку - Алат - Гази-Маммед - Ганджа - Қазақ - Қызыл көпір - Тбилиси - Мцхета - Хашури - Сенаки - Потти (- Болгарияға дейінгі паром Румыния, Украина) - Батуми (-Болгарияға, Румынияға, Украинаға дейінгі паром) - Сарпи - Сарп - Трабзон - Самсун - Мерзифон - Гереде - Стамбул - Капикуле - Болгария шекарасы</u>
АН6	Пусан - Кьенгджу - Кангнунг - Кансон - Косон - Вонсан (- Пхеньян) - Чончжин - Сонбон - Кхасан - Хасан - Раздольное (- Владивосток - Находка) - Уссурійск - Пограничный - Суйфэньхэ - <u>Харбин - Цицихар - Маньчжоули</u> - Забайкальск - Чита - Улан-Уде - Иркутск - Краснояр - Новосибирь - Омбы - Есілкөл - Қарақоға - Петропавл - Чистое - Петухово - Челябині - Уфа - Самара - Москва - Красное - Белоруссия шекарасы
АН7	Екатеринбург - Челябині - Тройск - Казрак - Қостанай - Астана - Қарағанды - Бурылбайтал - Мерке - Чалдовор - Қара балта - Ош - Андижан - Ташкент - Сырдария - Хаваст - Худжанд - Душанбе - Нижний Пандж - Ширхан - Полехумри - Джебул-Саредж - Кабул - Кандагар - Спинболдак - Чаман - Кетт - Калат - Карачи
АН8	Финляндия шекарасы - Торпиновка - Выборг - Санкт-Петербург - Москва - Тамбов - Борисоглебск - Волгоград - Астрахань - Хасавюрт - Махачкала - Казмалярский - Самур - Сумгаит - Баку - Алят - Биласувар - Астара - Рашт - Казвин - Тегеран - Савех - Ахваз - Бандер - Эмам

**Көрші қосалқы өңірлермен жалғастыратын бағыттарды және мүше мемлекеттер арқылы өтетін Азия автомобиль жолдарының бағыттарын қоса алғандағы қосалқы өңірлер ішіндегі Азия автомобиль жолдарының бағыттары**

Оңтүстік Шығыс Азия	
АН11	Вьентьян - Банлао - Тхакхэк - Сено - Пакса - Веангкхам - Транпэнгреал - Стынгтраенг - Кратя - Пномпень - Сиануквиль
АН12	Натый - Удомсай - Пакмонг - Луангпрабанг - Вьентьян - Тханаленг - Нонгкхай - Удонтхани - Кхонкэн - Накхонрачасима - Хинконг
АН13	Удомсай - Муангигын - Хуайкон - Уттарадит - Пхитсанулок - Накхонсаван
АН14	Хайфон - Ханой - Вьетри - Лаокай - Хекоу - Куньмин - Руили - Мусэ - Лашио - Мандалай
АН15	Винь - Каотрео - Кеонья - Банлао - Тхакхэк - Накхонпханом - Удонтхани
АН16	Донгха - Лаобао - Денсавань - Сено - Саваннакхет - Мукхдахан - Кхонкэн - Пхитсанулок - Так
АН18	Хатъяй - Сунгайколок - Рантау-Панджанг - Кота-Бару - Куантан - Джохор-Бару - Джохор-Бару бөгеті
АН19	Накхонратчасима - Кабинбури - Лэмчабанг - Чонбури - Бангкок
АН25	Банда Ачех - Медан - Тебинтингги - Думай - Пеканбару - Джамби - Палембан - Танджунг-Каранг - Бакаухани - паром - Мерак

АН26	Лаоаг - Манила - Легаспи - Матног - паром - Ален - Таклобан (- Ормок - (паром) - Себу) - Лилоан - паром - Суригао - Давао (- Кагаян де Оро)- Хенераль-Сантос - Замбоанга
Шығыс және Солтүстік Шығыс Азия	
АН30	Уссурийск - Хабаровск - Белогорск - Чита
АН31	Белогорск - Благовещенск - <u>Хейхэ - Харбин - Чанчунь - Шеньян - Далянь</u>
АН32	Сонбонг - Вонджонг - Цюаньхэ - Хуньчунь - <u>Чанчунь - Аршан</u> - Нумруг - Сумбер - Чойбалсан - Ондорхан - Налайха - Улан-Батор - Улястай - Ховд
АН33	<u>Харбин - Тунцзян</u>
АН34	<u>Ляньюньган - Чженчжоу - Сиань</u>
Оңтүстік Азия	
АН41	Мьянмы шекарасы - Текнаф - Кокс-Базар - Чичтагонг - Качпур - Дакка - Хатикамул - Джессур - Монгла
АН42	<u>Ланьчжоу - Синин - Голмуд - Лхаса - Чжанму - Кодарн - Катманду - Нараянгхат - Патхлайя - Биргандж - Раксаул - Пипракотхи - Музаффарпур - Барауни - Бархи</u>
АН43	Агра - Гвалиор - Нагпур - Хайдарабад - Бангалор - Кришнагири - Мадурай - Дханушकोди - паром - Талайманнар - Дамбулла - Курунегала ( - Канды) - Коломбо - Матара
АН44	Бласор - Бхубанесвар -Тринкомали - Дамбулла
АН45	Колката - Харагпур - Висакхапатнам - Виджаявада - Ченнай - Кришнагири - Бангалор
АН46	Харагпур - Нагпур - Дхуле
АН47	Гвалиор - Дхуле - Тхане ( - Мумбай) - Бангалор
АН48	Пхуэнтшолинг - Индия шекарасы
АН51	Пешавар - Дера Исмаил Хан - Кетта
Солтүстік, Орталық Оңтүстік Батыс Азия	
АН60	Омбы - Черлак - Ертіс өңірі - Павлодар - Семей - Таскескен - Үшарал - Алматы - Каскелең - Бурылбайтал
АН61	Каши - Туругарт - Тороуғарт - Нарын - Бішкек - Георгиевка - Қордай - Мерке - Шымкент - Қызылорда - Арал - Қарабұтақ - Ақтөбе - Орал - Каменка - Озимки - Саратов - Борисоглебск - Воронеж - Курск - Крупец - Украина шекарасы
АН62	Петропавл - Арқалық - Жезқазған - Қызылорда - Шымкент - Жібек-Жолы - Чернявка - Ташкент - Сырдария - Самарқанд - Гузар - Термез - Хайратан - Мазари-Шариф
АН63	Самара - Курлин - Погодаево - Орал - Атырау - Бейнеу - Оазис - Нүкіс - Бұхара - Гузар
АН64	Барнауыл - Веселояр - Қызыл ауыл - Семей - Павлодар - Шідерті - Астана - Көкшетау - Петропавл
АН65	Каши - Арқакстан - Иркештам - Сарыташ (- Ош) - Карамык - Вахдат - Душанбе - Турсунзаде - Узун - Термез
АН66	Қытай шекарасы - Кульма - Хоруг - Кулоб - Вахдат - Душанбе
АН67	Куйтан - Бакету - Бахты - Таскескен - Семей - Павлодар - Шідерті - Қарағанды - Жезқазған
АН68	Цзинхэ - Алатавшанкоу - Достық - Үшарал

АН70	Украина шекарасы - Донецк - Волгоград - Астрахань - Котляевка - Атырау - Бейнеу - Жатыбай ( - Ақтау ) - Бекдаш - Түркіменбашы - Сердар - Гудуролум - Инче-Бороун - Горган - Сари - Семнан - Дамгхан - Язд - Анар - Бендер-Аббас
АН71	Диларам - Заранг - Милак - Забол - Даштак
АН72	Тегеран - Ком - Эсфахан - Шираз - Бушер
АН75	Теджен - Сарахс - Саракхс - Мешхед - Бирджанд - Нехбандан - Даштак - Захедан - Чабахар
АН76	Полехумри - Мазари-Шариф - Герат
АН77	Джебельсардж - Бамьян - Герат - Тургунди - Серкетабат - Мары
АН78	Ашгабат - Човдан өткелі - Баджгиран - Кучам - Шабзевар - Керман
АН81	Ларси - Мцхета - Тбилиси - Садахло - Баграташен - Ванадзор - Аштарак - Ереван - Эрасх - Садарак - ( граница Турции) Нахичевань - Джульфа (- Джольфа) - Ордубад - Агарак - Мегри - Агбанд - Горадиз - Газимаммед - Алят - Баку - паром - Ақтау
АН82	Ресей Федерациясының шекарасы - Леселидзе - Сухуми - Сенаки - Хашури - Ахалцихе (- Вале) - Жданов - Бавра - Гумри ( - Акурик) - Аштарак - Ереван - Эрасх - Горис - Капан - Мегри - Агарак - Нурдуз - Джольфа - Ивзоглу
АН83	Қазақ - Узунтала - Паравакар - Ереван
АН84	Догубаязит - Диярбакир - Газянтеп - Топраккале ( - Искендерон) - Адана - Ичель
АН85	Рефахие - Амастья - Мерзифон
АН86	Аскале - Байбурт - Трабзон
АН87	Анкара - Афьон - Узак - Измир

Ескерту: Жақшада көрсетілген бағыттар жақша алдында тұрған жерден тармақталғанын білдіреді.

Асты сызылған учаскелер Азия автомобиль жолдарының ықтимал бағыттарын білдіреді.

"паром" деген сөз Тараптарға қандай да болмасын міндеттер жүктейтіні ретінде түсіндірілмеуі керек.

## **II қосымша АЗИЯ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖЕЛІСІНІҢ ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ НОРМАЛАРЫ**

### **I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Азия автомобиль жолдарын жіктеу және жобалау нормалары Азия автомобиль жолдарын салу, жаңғырту және бағыттарын күтіп ұстауға қатысты ең төменгі стандарттар мен ұсынымдарды құрайды. Тараптар жаңа жолдар салу кезінде де,

колданыстағылардың класын және жаңғыртылуын жоғарылату кезінде де осы ережелерді сақтау үшін барлық күшін жұмсайды. Бұл стандарттар құрылыс тұрғызылған аумаққа қатысты қолданылмайды.

## **II. АЗИЯ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ Азия автомобиль жолдарының жіктелуі 1-кестеде көрсетілген. 1-кесте. Азия автомобиль жолдарының жіктелуі**

Класы	Сипаты	Жол жамылғысы
Автомагистраль	Кіруі бақыланатын автомобиль жолдары	Асфальт-бетон немесе цемент-бетон
I класс	Төрт немесе одан көп жолақтар	Асфальт-бетон немесе цемент-бетон
II класс	Екі жолақ	Асфальт-бетон немесе цемент-бетон
III класс	Екі жолақ	Битуммен екі рет өңделген жамылғы

Жіктелуде "Автомагистраль" кіруі бақыланатын автомобиль жолдарына жатады. Кіруі бақыланатын автомобиль жолдары автомобильдерге ғана арналған. Кіруі бақыланатын автомобиль жолдарына әртүрлі деңгейдегі айырым арқылы ғана кіруге болады. Қозғалыс қауіпсіздігін және автомобильдер қозғалысының жоғары жылдамдығын қамтамасыз ету мақсатында мопедтер, велосипедтер және жаяу жүргіншілер үшін кіруі бақыланатын автомобиль жолдарын пайдалануға тыйым салынады. Кіруі бақыланатын автомобиль жолдары үшін бір деңгейде қиылысу жобаланбайды, ал жүру бөлігі орта жолақпен бөлінеді.

"III класс" құрылысты қаржыландыру үшін қаражаттар көлемі шектелген жағдайда ғана және/немесе жол салу үшін шектеулі бөлінген жолақтары кезінде пайдаланылады. Алдағы уақытта мүмкіндігінше қысқа мерзімде жол жамылғысын жетілдіру қажет және оны асфальт-бетон немесе цемент-бетон жамылғысымен жасау керек. III класта ең төменгі қалаулы стандарт болып саналатынына қарай жолдың III кластан төмен тұрған кез келген учаскелерін, оларды осы кластардың стандарттарымен сәйкестікке келтіре отырып, жетілдіру бойынша жұмыстарды көтермелеу қажет.

Тараптар өз талаптарына сәйкес құрылыс тұрғызылған аумақты белгілейді.

## **III. АЗИЯ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖЕЛІСІНЕ КІРЕТІН АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ЖОБАЛАУ НОРМАЛАРЫ**

**1. Жергілікті жердің жіктелуі Жергілікті жердің жіктелуі 2-кестеде келтірілген. 2-кесте. Жергілікті жердің жіктелуі**

--	--

Жергілікті жердің жіктелуі	Бойлық еңістік
Жазық рельеф (Р)	0 - 10 пайыз
Төбелі рельеф (Х)	10 - 25 пайыздан жоғары
Таулы рельеф (Г)	25 - 60 пайыздан жоғары
Тау рельеф (К)	60 пайыздан жоғары

## 2. Есептік жылдамдық

Есептік жылдамдық мынадай мәндермен анықталады: сағатына 120, 100, 80, 60, 50, 40 және 30 км. Есептік жылдамдық, автомобиль жолдарының жіктелуі және жергілікті жердің жіктелуі арасындағы өзара байланыс 3-кестеде келтірілген. Сағатына 120 км есептік жылдамдық автомагистралдар үшін ғана қолданылады (бөлу жолақтары және әртүрлі деңгейдегі қиылыстары бар кіруі бақыланатын автомобиль жолдары).

### 3-кесте. Автомобиль жолдары және жергілікті жерді жіктеудің есептік жылдамдығы арасына қатысты

(Өлшем бірлігі км/сағат)

Жергілікті жер	Автомагистраль	I класс	II класс	III класс
Жазық рельеф (Р)	120	100	80	60
Төбелі рельеф (Х)	100	80	60	50
Таулы рельеф (Г)	80	50	50	40
Тау рельеф (К)	60	50	40	30

## 3. Көлденең пішін

4-кестеде жолдардың әрбір класы бойынша бөлінген жолақ енінің параметрлері, қозғалыс жолағының ені, жол жиегінің ені, бөлу жолағының ені, жол жамылғысының еңісі және жол жиегінің еңісі көрсетілген.

Жаяу жүргінші, велосипедтер және көлік-арба қозғалысының автомобильдердің үздіксіз қозғалысына осындай қозғалыс кедергі жасайтын учаскелерде, бұл қажет болғанда, арнайы өту жолдарын және/немесе жаяужолдарды салу арқылы автомобиль қозғалысынан бөлінуі талаппен ұсынылады.

### 4-кесте. Азия автомобиль жолдарының желісіндегі автомобиль жолдарын жобалау нормалары

--	--	--

Тас жолдарды жіктеу	Автомагистраль (4 және одан көп жолақ)				I класс (4 және одан көп жолақ)			
	Р	Х	Г	К	Р	Х	Г	К
Есептік жылдамдық (км/сағат)	120	100	80	60	100	80	50	
Ені (м) Бөлінген жолақ	(50)				(40)			
Жүру бөлігінің жолағы	3,50				3,50			
Жол жиегі	3,00		2,50		3,00		2,50	
Бөлу жолағы	4,00		3,00		3,00		2,50	
Жол трассасының жоспарындағы қисықтың ең кіші радиусы (м)	520	350	210	115	350	210	80	
Жол жамылғысының еңісі (%)	2				2-5			
Жол жиегінің еңісі (%)	3-6				3-6			
Жол жамылғысының түрі	Асфальт бетон/ Цемент бетон				Асфальт бетон/ Цемент бетон			
Вираздың ең үлкен еңісі (%)	10				10			
Ең үлкен тік еңіс (%)	4	5	6	7	4	5	6	7
Есептік жүктеме (ең азы)	HS20-44				HS20-44			

#### кестенің жалғасы

II класс (2 жолақ)				III класс (2 жолақ)			
Р	Х	Г	К	Р	Х	Г	К
80	60	50	40	60	50	40	30
(40)				(30)			
3,50				3,00(3,25)			
2,50		2,00		1,5(2,0)		0,75(1,5)	
210	115	80	50	115	80	50	30
2				2-5			
3-6				3-6			
Асфальт бетон/ Цемент бетон				Битумды екі рет өңдеу			
10				10			
4	5	6	7	4	5	6	7
HS20-44				HS20-44			

Ескерту: Жақшадағы сандар ұсынылатын параметрді көрсетеді. Жол жоспарындағы қисықтың ең кіші радиусы виразымен жиынтықта анықталады.

Бөлу жолақтарының ұсынылған ені тиісті қорғаныс қоршауы болған кезде  
к і ш і р е й т і л у і м ү м к і н .

Тараптар көпірлер, эстакадтар және туннельдер сияқты құрылыстар салу кезінде өз  
ұлттық нормаларын қолданады.

#### 4. Трасса жоспары

Жоспардағы жол ол өтетін жергілікті жердің топографиялық ерекшеліктеріне  
сәйкес болуы тиіс. Жоспардағы ең кіші қисықтар радиусын өтпелі қисықтармен қажет  
және жинақтылықта ғана қолдану керек. Кез келген мүмкіндік кезінде жоспарда  
түйісетін қисық жасамау керек. 5-кестеде тас жолдың әрбір класы бойынша  
жоспардағы ең кіші қисық радиусы көрсетілген.

#### 5-кесте. Тас жолдың жоспардағы ең кіші қисықтар радиусы

(Өлшем бірлігі: м)

Жергілікті жер	Автомагистраль	I класс	II класс	III класс
Жазық рельеф(P)	520(1000)	350(600)	210	115
Төбелі рельеф(X)	350(600)	210(350)	115	80
Таулы рельеф (Г)	210(350)	80(110)	80	50
Тау рельеф (К)	115(160)	80(110)	50	30

Ескерту: Жақшадағы сандар ұсынылған мәндерді білдіреді

Жоспардағы ең кіші қисықтар радиусы ерекше жағдайларда ғана шектеуге  
ұсынылады, ал басқа жағдайларда тиісті ең кіші радиустан 50-100 пайызға асатын  
қисықтар радиустарын қолдану керек.

Жоспардағы қисықтарды жобалау кезінде таулы және тау рельефі жағдайында  
оларды бойлық пішінмен және қисықтар арасындағы арақашықтықпен байланыстыра  
қ а р а у д ы ұ с ы н а д ы .

Өтпелі қисықтарды 6-кестеде көрсетілген параметрлерден аз радиустармен қисықты  
байланыстыру үшін жоспарлау керек. Олардың радиусы 6-кестеде көрсетілген  
параметрлерден екі есе асқан жағдайда да өтпелі қисықтарды жобалау ұсынылады.

#### 6-кесте. Өтпелі қисықтарды жобалауды талап ететін радиустар

(Өлшем бірлігі: м)

Жергілікті жер	Автомагистраль	I класс	II класс	III класс



Жазық рельеф (Р)	2 100	1 500	900	500
Төбелі рельеф (Х)	1 500	900	500	350
Таулы рельеф (Г)	900	500	350	250
Тау рельеф (К)	500	500	250	130

Өтпелі қисықтың ең кіші ұзындығына қатысты 7-кестеде көрсетілген параметрлерді қолдану ұсынылады.

### 7-кесте. Өтпелі қисықтың ең кіші ұзындығы

Жергілікті жер	Автомагистраль	I класс	II класс	III класс
Жазық рельеф (Р)	100	85	70	50
Төбелі рельеф (Х)	85	70	50	40
Таулы рельеф (Г)	70	50	40	35
Тау рельеф (К)	50	50	35	25

Вираздың ең жоғарғы еңісі жергілікті жердің барлық түрлері үшін 10 пайызға тең болуы тиіс.

### 5. Бойлық пішін

Төбелі жердегі жолдың бойлық пішіні сол жердің рельефін түзету кезіндегі үйінділер және ойықтарды жайғастырудың экономикалық дұрыстығын есепке ала отырып мүмкіндігінше жатық болуы тиіс. Жолдың бойлық еңісінің ең жоғарғы рұқсат етілетін көлемін таңдау кезінде, оны одан әрі жаңғырту алғашқы инвестицияларды жоюға әкелуі мүмкін екенін ескеру ұсынылады.

8-кестеде көрсетілген ең жоғарғы еңіс параметрлер тас жолдардың барлық кластары үшін пайдаланылады

### 8-кесте. Ең жоғарғы тік еңіс

Жергілікті жердің жіктелуі	Ең жоғарғы тік еңіс
Жазық рельеф (Р)	4 пайыз
Төбелі рельеф (Х)	5 пайыз
Таулы рельеф (Г)	6 пайыз
Тау рельеф (К)	7 пайыз

Учаскенің көтерілу ұзындығы 9-кестеде көрсетілген мәндерден артқан жағдайларда, көтерілетін жерлерде қарқынды жүк қозғалысы кезінде қозғалыстың қосымша жолақтар салу ұсынылады.

9-кестеде берілген автомагистральдар және жолдың I класы үшін еңіс учаскесінің қажетті ұзындығы көтерілетін жерлерде қозғалыстың қосымша жолағының құрылғысы ұсынылады.

### **9-кесте. Әртүрлі байлық еңіс кезіндегі көтерілудің ең үлкен ұзындығы**

Жергілікті жердің	Автомагистраль	I класс
Жазық рельеф (Р)	3 пайызда - 800 м	3 пайызда - 900 м
	4 пайызда - 500 м	4 пайызда - 700 м
Төбелі рельеф (Х)	4 пайызда - 700 м	4 пайызда - 800 м
	5 пайызда - 500 м	5 пайызда - 600 м
Таулы рельеф (Г)	5 пайызда - 600 м	5 пайызда - 700 м
	6 пайызда - 500 м	6 пайызда - 500 м
Тау рельеф (К)	6 пайызда - 500 м	6 пайызда - 500 м
	7 пайызда - 400 м	7 пайызда - 400 м

### **6. Жол жамылғысы**

Жолдың жүру бөлігі цемент-бетон немесе асфальт-бетон жамылғысынан болуы тиіс . Сонымен бірге, III класты жолдың шағылтас жамылғысы битуммен екі мәрте өңделген болуы мүмкін .

Азия автомобиль жолдары желісінің көптеген учаскелеріндегі жамылғы көтергіштік қабілетінің жеткіліксіздігінен зақымданады. Осыған байланысты жол төсемесінің зақымдануын болдырмау және соңғы нәтижесінде жолдарды күтіп ұстауға арналған шығыстарды қысқарту үшін жамылғыға түсетін есептік жүктемені мұқият анықтау керек .

Сонымен бірге жол жамылғысын жобалау кезінде мынадай факторларға назар аударылуы керек :

- а) оське түсірілетін жүктеме;
- б) қозғалыстың қарқындылығы;

с) жамылғының негізіне және жер төсеміне пайдаланылатын материалдар ретінде ( елдер бойынша құрылыс материалдары сапасында айырмашылық болатындықтан, Азия автомобиль жолдарының желісін жобалау нормаларына жол жамылғыларының есебі жөніндегі нұсқаулық қосылмады.)

### **7. Есептік жүктеме**

Жобалық жүктеме (ең үлкен осьтік жүктемелер) ауыр көлік құралдарының және әсіресе контейнерлер тасымалдауға арналған көлік құралдарының өсуін ескере отырып белгіленуі тиіс. Жолдардың уақытынан бұрын зақымдануының алдын алу және оларды күтіп ұстауға арналған шығындарды қысқарту үшін, Азия автомобиль жолдарының желісі халықаралық автомобиль жолдарының желісі ретінде жол төсемелерінің жоғары көтергіштік қабілеті болуы тиіс.

Ең кіші жүктеме ретінде құрылыстарды жобалау үшін толық тиеу кезінде тіркеме арқылы жасалатын жүктемеге тиісті халықаралық стандарт болып табылатын, Н8 20-44 ең кіші жүктемесі қолданылуы тиіс.

## **8. Көпірасты габариті**

Ең кіші көпірасты габариті 4,5 м құрауы тиіс, бұл халықаралық стандарттың (180) контейнерлерді қауіпсіз тасымалдауға арналған талабы болып табылады. Сонымен бірге бар құрылыстарды, мысалы көпірлерді, қайта салу құнының жоғарылығынан жеткілікті көпірасты габаритін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайларда, отырғыштығы төмен тіркемелерді қолдануға болады.

## **9. Қоршаған орта**

Жаңа жолдарды салу жобаларын дайындау кезінде ұлттық нормаларға сәйкес қоршаған ортаға әсерін бағалау жүргізілуі тиіс. Бұл ережені қолданыстағы автомобиль жолдарын қайта жаңарту немесе маңызды жаңғырту кезінде осындай бағалауды көздей отырып кеңейткен дұрыс.

## **10. Жол қозғалысының қауіпсіздігі**

Азия автомобиль жолдары желісін дамыту кезінде Тараптар жол қозғалысының қауіпсіздігі мәселелеріне жан-жақты назар аударады.

## **III қосымша АЗИЯ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖЕЛІСІН ТАҢУ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕУ**

1. Азия автомобиль жолдарының бағыттарын тану және белгілеу үшін пайдаланылатын белгі төрт бұрышты пішінді болады.

2. Бұл белгі АН деген әріптерден тұрады, әдетте, олардан кейін араб сандарымен белгіленген бағыттың нөмірі жазылады.

3. Белгінің ақ немесе қара жазуы болады; ол басқа белгілерге немесе олармен біріктіріліп бекітілуі мүмкін.

4. Белгі үлкен жылдамдықпен келе жатқан көлік құралдарының жүргізушісі бұл белгіні айырып тану және түсінуіне жеңіл болатындай көлемде болуы тиіс.

5. Азия автомобиль жолдарының бағыттарын тану және белгілеуге арналған белгі ұлттық стандарттарға сәйкес жолды белгілейтін белгіні пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

6. Азия автомобиль жолдарының бағыттарының нөмірі осы мемлекеттің көрсеткіш белгілерінің жүйесіне қосылады (немесе осы жүйеге бірігеді). Нөмірлер белгіленетін белгі әрбір кіру немесе айырым алдында да, сонымен қатар олардан кейінгі де белгіленуі мүмкін.

7. Егер мемлекеттер Азия автомобиль жолдарының желісі туралы Үкіметаралық келісімнің де, Халықаралық автомагистралдар туралы Еуропалық келісімнің де Тараптары болып табылған жағдайда, Тараптардың қалауы бойынша бағыттар не Азия автомобиль жолдары бағыттарының белгілерімен, не Еуропалық халықаралық автомагистральдардың белгілерімен, не белгілердің екеуімен де белгіленеді.

8. Егер Азия автомобиль жолдарының бағыты басқа бағытпен өтетін немесе Азия автомобиль жолдарының басқа бағытын қиып өтетін болса, осындай кіру немесе айырым алдында Азия автомобиль жолдары бағыттарының тиісті нөмірін көрсету ұсынылады.

Осы мәтін Бангкок қаласында 2003 жылғы 18 қарашада жасалған Азия автомобиль жолдары желісі жөніндегі үкіметаралық келісімнің куәландырылған көшірмесінің дұрыс көшірмесі болып табылатынын растаймын.

*Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
министрлігі Халықаралық құқықтық  
департаментінің кеңесшісі*